

Семей мелекеттік медициналық университеті
Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

***ҚР перзентхана жұмысын
ұйымдастыру.***

Тексерген: Базарбек Ж.Б.
Орындаған: Бекежан А.Б.
402-ҚДС

Семей 2017

- **Перзентхана** — жүкті, босанатын және босанған әйелдерге, жаңа туған сәбилерге перзентханадан шыққанша көмек көрсететін медициналық мекеме. Перзентхананың құрамына **стационар** және әйелдер консультациясы кіреді. Перзентхананың жұмысы әйелдердің тұрағына және балалар емханасының орналасқан жеріне байланысты құрылады. Себебі, Перзентханадан шыққаннан кейін нәрестенің өсіп-дамуы балалар емханасындағы учаскелік педиатрдың бақылауында болады. Перзентханадағы акушер-гинекологтар тұрғындар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп, жүкті әйелдер мен жас аналарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

Перзентхананың құрамына

Қабылдау блогы

ішкі обсервация

патология бөлімшесі (жүкті әйелдер алдын ала жататын)

әйелдер босанатын бөлімше,

анестезиология,

бөбектер бөлімшесі

босанғаннан кейінгі физиологиялық бөлімше

шығарып салу,

емдеу мен басқарма шаруашылық бөлімдері және әйелдер кеңес орны

- **Қабылдау бөлмесі.** Қабылдау бөлмесінде беті клеенкамен жабылған кереуетше, үстел, орындық, тумбочка, әйел киімін уақытша қоятын шкаф, заттарды сақтайтын сейф болуы керек. Тумбочка үстінде дезинфекциялайтын ерітіндіге толық батырылған термометр мен шпательді салатын ыдыс, стерильденген корнцанг сақталатын қоңыр шыны ыдыс болуы керек.

Тумбочка ішінде залалсыздандырылған аяқ киім, сонымен бірге стерилді бикс болуы қажет.

- Қабылдау бөліміне келіп түскен әйелдің жалпы жағдайын бақылайды (дене қызуын өлшейді, тері қабаттарын тексереді, тамағын көреді, тамыр соғысын есептейді, қан қысымын өлшейді). Дәрігер немесе акушер жүкті әйелдің анықтама қағазымен танысып, ауырған жұқпалы ауруларын анықтайды, содан кейін қай бөлімге жіберуді шешеді. Толғағы басталған әйелдерді босану бөліміне, толғағы жоқ әйелдерді патология бөліміне жібереді.

- **Жүкті әйелдер алдын ала жататын бөлім.** Бұл бөлімде жоғары, орта және төмен дәрежелі қауіп-қатер тобындағы әйелдер тексеріліп, емделеді. Құрамына қарау, емдеу, асхана бөлмелері кіреді. Бөлімге түскен әйелдерден қажетті мәліметтер жинап, арнайы акушерлік зерттеулер жүргізіп, клиникалық-зертханалық анализдер алып, сырқаттың түрін анықтап, оның босану жолдарын шешеді.
- **Босанатын бөлім.** Оның құрамына: босанар алдындағы бөлімше, босанатын және операция бөлімдері кіреді. Бұдан басқа қызметкерлер үшін буфет, санитарлар бөлмесі т.б. болу керек. Босану бөлмесіне кіреберісте дәкемен жабылған бикс тұруы керек.
- Босанар алдындағы бөлмедегі төсектің саны физиологиялық бөлімге арналған барлық төсектердің 12 проценті (екі төсектен кем болмауға тиіс), ал босануға арналған бөлмелердің саны екі есе көп болу керек. Себебі, тазалап, желдетіп, кварцпен аластау кезінде оларды кезекпен ауыстырып отырады. Әрбір әйелдің бөлек босану бөлмесі болғаны дұрыс.



❑ Перзентхана бөлімі келесі тапсырмаларды орындайды;

- ❑ 1. шуғыл турде жоспарлы стационарлық акушерлік – гинекологиялық, неонатологиялық медициналық көмекті қолдану.
- ❑ 2. бірінші медициналық санитарлық көмек пен перинатальді орталық екеуі бірлесіп жүйелі түрде сурақтарды шешу
- ❑ 3. босану және босандыру кезінде анализ және мониторинг істеу белгіленген мекен жайда.
- ❑ 4. ана мен бала өлімі, ауыр жағдайдағы жүктілік, босану, босанғанан кейінгі кезең және нарестенің ауыр жағдайы.
- ❑ 5. медициналық қызметкерлерге жоспарлы түрде оқу семинар сабақтарын жүргізу.
- ❑ 6. акушерлік – гинекологиялық және неонатологиялық жүйенің талдауын жасау.

Перзентхана бөлімінің функциясы;

- ❑ 1. Перзентхана бөлімінің функциясы болып жүкті әйелдерге, сатционарлық және акушер – гинекологиялық көмек көрсетіледі. Босандыру кезінде және босанғанан кейінгі әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге, жасы ұлғайған әйелдерге көмек көрсету.
- ❑ 2. Профилактикалы, диагностикалы емдеу репродукты жүйеде.
- ❑ 3. Жүктілікті тоқтату негізінде медициналық көмек көрсету.
- ❑ 4. Әйелдерді өзін – өзі санитарлық гинекологиялық күтім жасауға, жаңа отбосын жоспарлауға, тусік жасау мен жыныстық ауырулардың зияндылығын тусіндіру.

- ❑ 5. Медициналық көрсеткіштерді анықтай отырып жүкті әйелдерге жолдама беру. Босанатын және гинекологиялық ауыруы бар әйелдерге, туа біті ауыруы бар нәрестелерге басқа ұйымдарға жолдамамен жіберу.
- ❑ 6. Жүкті әйелдерге уақытша еңбекке жарамсыздық парақшасын беру.
- ❑ 7. Босанған әйелдер мен жана туған нәрестелерді, медицина қызметкерлерін санитарлық – эпидемиологиялық тәртіп бойынша инфекциялық ауырулардан ескерту.
- ❑ 8. Акушерлік асқынулар мен ауыр экстрогендік ауырулармен босанған әйелдер мен нәрестелерге зеріктеу жүргізу.

- ❑ 9. Ана мен бала өлімінің сатицтикалық мониторингтік сараптама жүргізу.
- ❑ 10. Жаңа туған нәрестелерді вакцинасиямен қамтамасыз ету.
- ❑ 11. Перзентхана бөлімі ана мен баланы тамақпен қамтамасыз ету.
- ❑ 12. Алғашқы көмек көрсету және басқа да медициналық орталықтармен бірлесе отырып (туберкулез, тері ауырулар, ісік ауырулар диспансері және СПИД ке қарсы орталықтар) осы орталықтармен бірлесе жұмыс жасау.
- ❑ 13. Есеп беру құжатын енгізу.

*Назарларыңызға
рахмет!!!*

